

2022 жылғы 29 тамыздағы
№1 педагогикалық кеңесте
қарастырылды және бекітілді.

Бекітемін
№66 «Толағай» балабақшасының
менгерушісі



Ә.Д.Усембаева
2022 ж.

«№66 «Толағай» балабақшасы» МКҚК

2022–2023 оқу жылына арналған
оқу жұмыс жоспары

Нұр-Сұлтан, 2022 жыл

Мазмұны

1. Түсінік хат3
2. Қазақ тілінде оқытылатын топтардың оқу жоспары.....6
3. Шағын орталықта оқытылатын топтардың оқу жұмыс жоспары.....9

Түсінік хат

2022-2023 оқу жылында тәрбие-білім қызметін ұйымдастыру мына құжаттар арқылы іске асырылады:

Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиелеу-білім беру қызметін:

- 1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
- 2) «Тиісті үлгідегі және түрдегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17657 болып тіркелген) Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына;
- 3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына;
- 4) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген);
- 5) Мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды қалыптастыру;

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлікшығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалды дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене шынықтыру;
- 2) сөйлеуді дамыту;
- 3) көркем әдебиет;
- 4) сауат ашу негіздері;
- 5) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
- 6) сенсорика;
- 7) математика негіздері;
- 8) құрастыру;
- 9) қоршаған ортамен таныстыру;
- 10) сурет салу;
- 11) мүсіндеу;
- 12) жапсыру;
- 13) музыка.

Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген жұмыс оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

«Дене шынықтыру» ұйымдастырылған іс-әрекеті барлық топтарда аптасына үш рет мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, денешынықтыру-сауықтыру шаралары (танертенгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Қазақ тілі ортаңғы және ересек топта бір рет жүргізіледі, мектепалды топта екі рет. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет (мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес аптасына мектепалды топта 2 рет) ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, еңбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) театрландырылған, дербес және басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылады.

Балалардың мектепте оқуға дайындығын қамтамасыз ету үшін мектепалды тобында Сауат ашу негіздері аптасына үш рет өткізіледі.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

Бөбек жасы балалары үшін сенсорика бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлінеді, олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыруға баулу көзделеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар үшін математика негіздерін күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы театрландырылған әрекет, әңгіме, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады.

Қоршаған ортамен танысу күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеті арқылы іске асырылады.

Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады және бірнеше жұмыс түрі қатар жүруі мүмкін немесе көпшілігінің қалауы бойынша барлығы бір жұмыс түрімен айналысуына болады.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті кіші, ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек және мектепалды топтарында аптасына екі рет музыка жетекшісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі.

Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, балалар музыка аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

№66 «Толағай» балабақшасында 14 топ және шағын орталықта алты топ жұмыс істейді. Мемлекеттік тілде тәрбиеленіп, оқытылады - 14 топ және шағын орталықтың алты тобы. Оның ішінде: кіші топ - 1; ортаңғы топ - 4, ересек топ -5; мектепалды топ -5, шағын орталықта мектепалды тобы-2, ересек топ-4.

Оқу жұмыс жоспары 2022 жылғы 29 тамыздағы №1 педагогикалық кеңесте қарастырылды және бекітілді

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыс оқу жоспары

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Кіші топ «Еркеназ» (2 жастағы балалар)
	Дене шынықтыру	аптасына 3 рет
	Дене шынықтыру **	күн сайын
2	Сөйлеу дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
3	Сенсорика	күн сайын
4	Қоршаған ортамен таныстыру	күн сайын
5	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын
	Жапсыру	күн сайын
	Құрастыру /	күн сайын
6	Музыка	аптасына 1 рет
	Музыка****	күн сайын
7	Арнайы түзетуші іс-әрекет *****	күн сайын

Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыс оқу жоспары

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Ортаңғы топтары «Күнекей», «Таусоғар», «Ханзада», «Көлтауысар» (3 жастағы балалар)	Ересек топтары «Айдайсұлу», «Ертөстік», «Ертарғын», «Алпамыс», «Толағай» (4 жастағы балалар)
	Дене шынықтыру	аптасына 3 рет	аптасына 3 рет
	Дене шынықтыру **	күн сайын	күн сайын
2	Сөйлеу дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына 1 рет	аптасына 1 рет
	Қазақ тілі ***	күн сайын	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-	-
4	Математика негіздері	күн сайын	күн сайын
5	Қоршаған ортамен	күн сайын	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын	күн сайын
	Жапсыру	күн сайын	күн сайын
	Құрастыру	күн сайын	күн сайын
7	Музыка	аптасына 1 рет	аптасына 2 рет
	Музыка****	күн сайын	күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	күн сайын	күн сайын

Мектепке дейінгі ұйымдағы мектепалды топқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыс оқу жоспары (5 жастағы балалар)

«Қобыланды батыр», «Кендебай батыр», «Қамбар батыр», «Тайлақ батыр»

№1	Ұйымдастырылған іс-әрекет* Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру **	күн сайын	
2	Сөйлеу дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі ***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
7	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	
	Барлығы		20 сағат

Шағын орталықта оқытылатын топтардың оқу жұмыс жоспары

Шағын орталық ересек тобына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыс оқу жоспары (4 жастағы балалар)

«Шабыт-І», «Шабыт-ІІ»

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*	Ересек топтары (4 жастағы балалар)
	Дене шынықтыру	аптасына 3 рет
	Дене шынықтыру **	күн сайын
2	Сөйлеу дамыту және көркем әдебиет	күн сайын
	Қазақ тілі	аптасына 1 рет
	Қазақ тілі ***	күн сайын
3	Сауат ашу негіздері	-
4	Математика негіздері	күн сайын
5	Қоршаған ортамен	күн сайын
6	Сурет салу	күн сайын
	Мүсіндеу	күн сайын
	Жапсыру	күн сайын
	Құрастыру	күн сайын
7	Музыка	аптасына 2 рет
	Музыка****	күн сайын
8	Арнайы түзетуші іс-әрекет*****	күн сайын

Шағын орталық мектепалды тобына арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыс оқу жоспары (5 жастағы балалар)

«Дарын-І», «Дарын-ІІ», «Зерде-І», «Зерде-ІІ»

№1	Ұйымдастырылған іс-әрекет* Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру **	күн сайын	
2	Сөйлеу дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 ағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі ***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		1 сағат
	Мүсіндеу		
	Жапсыру		
	Құрастыру		
	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
7	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	
	Барлығы		20 сағат